

Қазақстан Республикасында тұратын фашизмнің бұрынғы тұтқындарының құжаттарын қарау және оларға өтем төлеу жөнінде мемлекеттік білікті комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 шілде 1994 ж. N 768. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1224 қаулысымен

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Украина және Германия Федеративтік Республикасы арасында 1993 жылғы 30 наурызда жасалған Келісім бойынша бұрынғы КСРО аумағынан екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында неміс басқыншылары күштеп әкеткен, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында тұратын азаматтарға олар аумағынан әкетілген республикалардың Өзара түсіністік және татуластық қорынан өтем төленетін болады. Аталған Келісімді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында тұратын фашизмнің бұрынғы тұтқындарының құжаттарын қарау және оларға өтем төлеу жөнінде мына құрамда Мемлекеттік білікті комиссия құрылсын:

- Сағдиев - Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы
- Махтай Рамазанұлы Орталық кеңесінің төрағасы (комиссия төрағасы)
- Романов - Халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары
- Владимир Ильич (комиссия төрағасының орынбасары)
- Чередниченко - фашизмнің бұрынғы тұтқындарының қазақстандық
- Павел Яковлевич қауымдастығының төрағасы (комиссия хатшысы)

Комиссия мүшелері:

- Әмірова - Әділет министрлігінің басқарма бастығы
- Мүгүлсін Мухаметқазықызы
- Астрадамов - зейнеткер, "Освенцим" концлагерінің бұрынғы
- Иса Лепович тұтқыны
- Балахметов - Қазақстанның Балалар қорының төрағасы
- Қожахмет Балахметұлы
- Ефанов - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері
- Геннадий Петрович
- Оганов - фашизмнің бұрынғы кәмелетке толмаған
- Николай Иванович тұтқындарының қазақстандық одағының төрағасы

Сұлтанов - Сыртқы істер министрлігінің бөлім меңгерушісі

Болат Қылышбайұлы

2. Комиссияға бұрынғы КСРО азаматтарының басып алынған аумақтардан күштеп әкетілу фактілерін, олардың концентрациялық лагерьлер мен "остарбайтерлер" тұтқыны екенін, геттода болғандығын және олардың мәжбүр етіп ұстайтын жерде болу мерзімдерін растайтын тиісті құжаттарды, сондай-ақ басқа да қажетті құжаттарды тексеру тапсырылсын.

3. Комиссияға Өзара түсіністік және татуластық қорының шарттарына сәйкес өтем төлеу туралы түпкілікті шешім қабылдау құқы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен және Фашизмнің бұрынғы тұтқындарының қазақстандық қауымдастығымен бірлесіп, өтем төлеу тәртібін белгілеп, оны тек қана комиссия қорытындысы негізінде төлейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі өтем алушыларға ақша аударғаны үшін төлем алмайтын болсын.

6. Сыртқы істер министрлігі Комиссия жұмысына, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының фашистік концентрациялық лагерьлерде, геттоларда және басқа да мәжбүр етіп ұстайтын орындарда болған фактілерін анықтауда көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі